

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы кеден ісіндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 сәуір N 601

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 17 қыркүйекте Киев қаласында (Украина) жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы кеден ісіндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның
Министрлер Кабинеті арасындағы кеден
ісіндегі ынтымақтастық туралы
Келісім**

(2000 жылғы 27 сәуірде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті; достық қатынастарды, оның ішінде кеден ісі саласындағы ынтымақтастық арқылы дамытуға тілек білдіре отырып, кеден қызметтері ынтымақтастығы арқылы Тараптар арасындағы жолаушы және жүк қатынасын дамытуға және жеделдетуге ұмтыла отырып, кеден заңдарын сақтау және кедендік құқық бұзушылыққа қарсы күрес Тараптардың кеден қызметтерінің ынтымақтастығы кезінде анағұрлым жемісті түрде жүзеге асырылатынын ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер қолданылатын болады:

"кеден заңдары" - тауарларды, жолаушылардың қол жүгі мен жүктерін, валюталық және басқа да құндылықтарды әкелудің, әкетудің және транзиттік тасымалдаудың, халықаралық пошталық жөнелтілімдердің, кеден баждары мен басқа да алымдарды, төлемдерді өндіріп алудың, жеңілдіктер берудің, тыйым салулар мен шектеулерді

белгілеудің, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің кеден шекаралары арқылы тауарлардың айналысына бақылау жасаудың тәртібін реттейтін Тараптар мемлекеттерінің нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;

"кеден қызметтері" - Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары;

"кедендік құқық бұзушылық" - кеден заңдарын бұзу немесе бұзуға әрекеттену;

"тұлға" - жеке немесе заңды тұлға;

"есірткі құралдары" - кейінгі өзгерістері мен толықтырулары бар 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенциясының тізіміне БҰҰ енгізген заттар;

"жүйкеге әсер ететін заттар" - кейінгі өзгерістері мен толықтырулары бар 1971 жылғы Жүйкеге әсер ететін заттар туралы бірыңғай конвенциясының тізіміне БҰҰ е н г і з г е н з а т т а р ;

"бақыланатын жеткізілім" - есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының білуімен және бақылауымен есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз не заңсыздығына күмән келтірілетін топтамаларының бір Тараптың мемлекеті аумағынан алып кетуге, транзиттік тасымалдауына не әкелуіне жол берілетін әдіс;

"куәлік" - тауардың ресімделуі жүргізілген елдің ұлттық заңдарына сәйкес тауардың іс жүзінде ресімделгенін растайтын ресми құжат.

2-бап

Келісімнің қолданылу аясы

Осы Келісімнің негізінде және кеден қызметтері арқылы олардың құзыреттері шеңберінде және Тараптар мемлекеттерінің заңдарын сақтай отырып Тараптар:

а) Тараптар мемлекеттерінің арасындағы жолаушылар мен жүк қатынастарын ж е т і л д і р у ;

б) кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді дұрыс өндіріп алуды, сондай-ақ кеден жеңілдіктерін қолдануды қамтамасыз ету;

в) кеден заңдарын бұзушылықты болдырмау, тергеу және оның жолын кесу;

г) екі мемлекет арасындағы кедендік ресімдеу рәсімдерін оңайлату мақсатында ынтымақтасатын болады.

3-бап

Кеден рәсімдерін оңайлату

1 . К е д е н қ ы з м е т т е р і :

а) өзара келісе отырып, кедендік ресімдеуді оңайлату жөнінде қажетті шараларды қ о л д а н а д ы ;

б) бір-бірінің кедендік қамтамасыз ету белгілерін (қорғасын мөртаңбалар,

мөрлердің ізтаңбалары, мөртабандар) және кедендік құжаттарды мойындайды, ал қажет болған жағдайда айналыстағы тауарларға өздерінің кедендік қамтамасыз ету белгілерін қ о я д ы .

2. Транзиттік сапармен өтетін тауарлар мен көлік құралдары Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес оларды әкелуге, әкетуге және транзиттік тасымалдауға тыйым салынған деп топшылауға негіз бар; кедендік құқық бұзушылық орын алған; не Тараптар мемлекеттерінің бірінің ұлттық заңдарына сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шартымен транзиттік тасымал жүргізілген жағдайларды қоспағанда, кеден тексеруінен босатылады.

4-бап

Куәліктерді беру

1. Кеден қызметтері сұрау салу бойынша бір Тарап мемлекетінің аумағында әкетілген тауарлардың екінші Тарап мемлекетінің аумағына заңды түрдегі негізде әкелінетінін растайтын куәліктерді бір-біріне береді. Куәліктерде тауарлардың ресімделген кедендік рәсімдердің түрі мен нәтижелері көрсетіледі.

2. Кеден қызметтері сұрау салу бойынша өздеріне бағынатын кеден органдарының берген куәліктерінің немесе басқа құжаттарының түпнұсқа екендігі және барлық қажетті деректерді қамтитыны туралы мәліметтерді бір-біріне береді.

5-бап

Есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Кеден қызметтері есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, соларға ұқсас заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымының алдын алу, тергеу және оның жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерді жандандыру мақсатында алдын ала сұрау салусыз және мүмкіндігінше қысқа мерзімде Тараптар мемлекеттерінің заңдары шегінде бір-біріне мынадай мәліметтерді хабарлайды:

а) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, соларға ұқсас заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен айналысатынын белгілі немесе осы мәселеде күдік тудыратын тұлғалар туралы;

б) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, соларға ұқсас заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін пайдаланылатыны белгілі контейнерлер мен пошталық жөнелтілімдерді, сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістерін қоса алғанда көлік құралдары туралы.

2. Кеден қызметтері есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, соларға ұқсас заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымында қолданылатын тәсілдер,

сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістері туралы мәліметтерді алдын ала сұрау салусыз бір-біріне хабарлайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес кез келген Тараптан алынған мәліметтер, хабарлар және құжаттар өздерінің нашақорлыққа және есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың, соларға ұқсас заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен айналысатын құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарына берілуі мүмкін.

4. Тараптар мемлекеттерінің заңдарының негізінде және өзара келісе отырып, кеден қызметтері қажет кезінде есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында бақылауға алынатын жеткізілім әдісін пайдаланады.

Бақылауға алынатын жеткізілім әдісін пайдалану туралы шешімді Тараптар әрбір нақты жағдайда жеке қабылдайды және қажет болған жағдайда Тараптардың қаржылық уағдаластықтары ескерілуі мүмкін.

6-бап

Мәліметтерді беру

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері сұрау салу бойынша өздерінің қарамағындағы мәліметтерді, оның ішінде хабарларды, хаттамаларды, өзге де материалдарды немесе олардың куәландырылған көшірмелерін салып жіберу жолымен бір-біріне мынадай мәліметтерді береді:

а) кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді өндіріп алуға, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолдануға байланысты жағдайлар туралы;

б) сұрау салушы Тараптың кеден заңдарына қайшы келетін жасалынған немесе дайындалып жатқан іс-әрекеттер туралы.

2. Кеден қызметтері мүмкіндігінше қысқа мерзімде, оның ішінде алдын ала сұрау салусыз-ақ кеден заңдарын бұзушылыққа қарсы күресте Тараптар ерекше көңіл бөлетін заңдардың бұзылу мүмкіндігі туралы мәліметтерді бір-біріне хабарлайды. Бұл, ең алдымен:

а) қоршаған ортаға немесе халықтың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін тауарларды;

б) қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш және улағыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды;

в) елеулі тарихи, көркемдік, мәдени немесе археологиялық құндылығы бар заттарды;

;

г) Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес жоғары кеден баждары және салықтары салынуға тиісті тауарларды;

- д) ерекше маңызы бар және тарифтік емес шек қоюға жататын тауарларды;
- е) есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды, соларға ұқсас заттар мен прекурсорларды өткізген кездегі кедендік құқық бұзушылыққа қатысты қолданылады.

7-бап

Құжаттарды беру

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері кеден мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерімен өзара алмасып отырады және кеден заңдарының барлық өзгерістері мен толықтырулары туралы бір-біріне кідіріссіз хабар береді.

2. Бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметінің сұрау салуы бойынша кеден заңдарын қолдану мәселелері жөнінде әкімшілік органдары шешімдерінің көшірмелерін береді.

3. Осы Келісімнің 11-бабының 2-тармағының д) тармақшасында көзделген талаптардан бір ерекшелігі осы бапқа сәйкес құжаттарды беру жөніндегі сұрау салуларда істің мән-жәйі жазылмауы мүмкін. Құжаттардың алынғанын сұрау салушы кеден қызметі алынған күнін көрсете отырып куәландырады.

8-бап

Тәжірибе алмасу және көмек көрсету

1. К е д е н қ ы з м е т т е р і :

- а) өз қызметінің тәжірибесі мен техникалық бақылау құралдарын қолдану туралы;
 - б) кеден заңдарын бұзудың жаңа құралдары мен әдістері туралы;
 - в) екі Тараптың өзара мүдделілігі білдірілетін басқа да кеден мәселелері бойынша
- а қ п а р а т а л м а с а д ы .**

2. К е д е н қ ы з м е т т е р і к е д е н і с і с а л а с ы н д а :

- а) өзара мүдделілік білдірілетін жағдайларда, сондай-ақ кеден қызметтері пайдаланатын техникалық құралдармен таныстыру мақсатында қызметкерлер
- а л м а с у д ы ;**
- б) қызметкерлерді оқытуды және олардың арнайы дағдыларын жетілдіруді;
 - в) кеден мәселелері бойынша сарапшылар алмасуды;
 - г) кеден мәселелеріне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтер алмасуды қоса алғанда бір-біріне көмек көрсетіп отырады.

9-бап

Тергеу

1. Бір Тарап мемлекетінің кеден қызметінің сұрау салуы бойынша екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі осы Келісімнің 2-бабының б) және в) тармақтарында көзделген мәселелер бойынша тексеруді немесе тергеуді жүргізеді. Тексерудің немесе тергеудің нәтижелері осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес сұрау салушы кедендік қызметке хабарланады.

2. Тексеру немесе тергеу сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынатын кеден қызметі өзінің жеке атынан іс-қимыл жасай отырып, тексеруді немесе тергеуді жүргізеді.

3. Сұрау салынатын кеден қызметі сұрау салушы кеден қызметінің лауазымды тұлғаларына осындай тексеру мен тергеу кезінде қатысуға рұқсат беруі мүмкін.

4. Бір Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезінде осы Келісімде көзделген жағдайларда өздерінің ресми өкілеттігін растайтын құжаты болуға тиіс және қызмет киімін кимеуі, қару алып жүрмеуі керек.

10-бап

Сарапшылар мен куәгерлер

Егер бір Тарап мемлекетінің сот немесе әкімшілік органдары қаралып отырған кеден заңдарының бұзылуына байланысты тиісті сұрау салған жағдайда, екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі өз қызметкерлеріне осындай соттық немесе әкімшілік талқылауларда куәгерлер немесе сарапшылар ретінде сөз сөйлеуіне уәкілеттік бере алады. Бұл қызметкерлер өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде анықталған фактілер бойынша жауаптар немесе қорытындылар береді. Соттық немесе әкімшілік талқылауларға қатысу туралы сұрау салуда сұрау салынатын кеден қызметі қызметкерінің қандай іс бойынша және кім ретінде сөйлейтіні көрсетілуі тиіс.

11-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімнің 9-бабының 1-тармағында көзделген сұрау салу жазбаша нысанда жіберіледі және сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ресми тілінде, орыс, не сұрау салынатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі үшін қолайлы өзге де тілде жасалады. Сұрау салуды орындауға қажетті құжаттар түпнұсқалар, ресми куәландырылған көшірмелер немесе фотокөшірмелер түрінде қоса тіркелуі тиіс.

Сұрау салу мынадай деректерді:

а) сұрау салудың негізінде мүдделері жатқан кеден органының атауын;

б) сұрау салудың тақырыбы мен себебін;

в) ресми түрін;

г) рәсімге қатысушылардың аты-жөндерін, мекен-жайлары мен басқа да деректерін;

д) іс мәнісінің қысқаша сипаттамасы мен оның заңдық тұрғыдан бағалануын қамтуы қажет.

12-бап

Сұрау салуларды орындау

1. Кеден қызметтері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес және өз құзыреттері шегінде сұрау салуларды орындауда бір-біріне жәрдемдеседі.

2. Сұрау салуды орындаудан, егер оны орындау сұрау салынатын тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, заңдарына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келетін болса, бас тартылады.

3. Сұрау салуды орындаудан бас тартылғаны, сондай-ақ бас тартудың себептері туралы сұрау салушы кеден қызметі жазбаша нысанда кідіріссіз хабарланады.

13-бап

Құжаттар

1. Сұрау салу бойынша түпнұсқа құжаттарды беру ресми куәландырылған көшірмелер немесе фотокөшірмелер жеткіліксіз болған жағдайларда жүзеге асырылады .

2. Түпнұсқа құжаттар сұрау салынатын кеден қызметіне мүмкіндігінше қысқа мерзімде қайтарылуы тиіс .

3. Осы баптың ережелерін қолданған кезде сұрау салынатын Тарап мемлекетінің немесе осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілмеуі тиіс.

14-бап

Алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Кеден қызметтері осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер мен құжаттарды өз хаттамаларында, хабарларында және өзге де материалдарында тексерулер мен тергеулерді жүргізу кезінде, соттық немесе әкімшілік талқылауларда қаралып отырған кедендік құқық бұзушылыққа байланысты дәлел ретінде пайдалана алады. Осы мәліметтерге сот немесе әкімшілік талқылауларда баға беру сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес айқындалады.

2. Сұрау салу бойынша берілген мәліметтер, хабарлар және құжаттар осы Келісімді орындау мақсатында ғана пайдаланылады және оларды берген кеден қызметінің жазбаша келісімінсіз кімге де болсын берілмейді немесе өзге мақсаттар үшін пайдаланылмайды .

3. Осы баптың 2-тармағының ережелерінің есірткі құралдары мен жүйкеге әсер

ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты тәртіп бұзушылықтар туралы материалдарға қатысы жоқ. Мұндай ақпарат есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күреспен тікелей айналысатын органдарға берілуі мүмкін.

15-бап

Құпиялылық

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған кез келген ақпаратқа, құжаттарға немесе мәліметтерге алушы елде оның өз аумағында алынған осы елдің осындай ақпараты, құжаттары немесе мәліметтері сияқты әйгілі болудан қорғау дәрежесі беріледі.

16-бап

Шығыстардың орнын толтыру

1. Сұрау салушы кеден қызметі сұрау салынатын кеден қызметінде жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты осы Келісімді орындау мақсатында орын алған шығыстарды сұрау салынатын кеден қызметіне өтейді.

2. Осы Келісімнің 8-бабының ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы жеке уағдаластықтардың тақырыбына айналуы мүмкін.

17-бап

Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделеді және осы Келісімнің 20-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

18-бап

Даулы мәселелерді шешу

Тараптардың арасында осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге байланысты туындайтын барлық даулы мәселелер консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

19-бап

Келісімді орындау

1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастық тікелей кеден қызметтері арасында жүзеге асырылады.

2. Кеден қызметтері өз құзыреттері шегінде осы Келісімді орындауға қажетті нормативтік актілер шығарады.

3. Осы Келісімді орындау үшін Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері екі жақты кеден қатынастарының бүкіл кешені бойынша жеке келісімдер жасаса алады.

20-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2. Осы Келісім екі Тарап мемлекеттерінің заңдарында көзделген қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламадағы күннен бастап күшіне енеді. Келісім бұдан кейінгі бес жыл бойы қолданыста болады, одан кейін, егер Тараптардың бірде бірі тиісті мерзім аяқталардан алты ай бұрын өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол өздігінен келесі бес жылға ұзартылады.

Киев қаласында 1999 жылғы 17 қыркүйекте қазақ, украин және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық үш мәтіннің де заңдық құқы бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украинаның

Министрлер Кабинеті үшін

О қ ы ғ а н д а р :

Қ о б д а л и е в а Н . М .

Орынбекова Д.К.